

Ақұштап
Бақтыгереева

АҚ АЙДЫН

өлеңдер мен балладалар



Алматы
“Жазушы”
2011

УДК 821.512.122

84 Қаз 7-5

Б 21

Бақтыгереева А.

Б 21 Ақ айдын. Өлеңдер мен балладалар. –
Алматы: Жазушы, 2011.– 144 6.

ISBN 978-601-200-293-5

Қазак поэзиясы ақ айдынына ақ шағаладай бол келген Ақұштап Бақтыгереева өлеңдері алғашқы қанат қағысынан-ақ оқырман қауымды баурап алған болатын.

Бүгінде көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері атанған Ақұштаптың бұл кітабына ет-жүректі елжіретер нәзік сезімге, намысты қамшылайтын өршіл рухка толы өлеңдерінің таңдаулылары еніп отыр.

УДК 821.512.122

84 Қаз 7-5

© Бактыгереева А., 2011

ISBN 978-601-200-293-5

© “Жазушы” баспасы, 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Ақ ерке Ақжайықтан қанат қагып ұшып шығып, бүгінде бүтін қазақ поэзиясы айдының ақ шағаласы атанған ақын Ақұштап Бақтыгерееваның есімі өлең сүйер қауымга жақсы таныс. Шығармаларын оқырмандары ізден жүріп оқитын қаламгер қашанды бақытты. Ол осындаи бақытқа ие аз суреткердің бірі.

Әдетте қыздың жолы жіңішке деседі. Ақұштап шынтуайтына келгенде кешегі Қарааша ана, қыз Құртқа, Гүлбарышын, Домалақ ене, ақын Саралардың заңды жалғасы. Ханым басымен ханның ақылына ие бол, Алаштың мұңын мұңдал, жоғын жоқтап қара басының емес, қазақтың мұддесі жайында толғанар қайраткерлік жолды қалауы тіптен қиямет. Мұндаи ауыр да абырайлы жолға туғуруға нәзік жанды әйел түгілі, нар талап азаматтың да жігер-күші әркез жете бермеген.

Осынау асу-асқары көп ұлы сапарға қаймықтай шығып, бойындағы Алла дарытқан адам деген, ана деген, ақын деген ардақты атқа кіршик түсірмей, сенім артқандардың сүйіспеншілігіне бөленіп келе жатуымен де қадірлі.

Заман қанша құбылғанымен адам адам қалпында, соның ішінде ақын ақын деген атқа лайық болып қалуы басты шарт. Мәңгілік сонысымен де мәңгілік деген атауга ие. Егерде

*пенделер кие тұтқан биік замана желінің ауа-
нымен құбыла берсе, оған деген махаббаттың
да тұрақсыз болуы заңдылық. Ал тұрақсыз
махаббаттың ешуақытта ғұмыры ұзақ бол-
мадан. Осы орайда бір мысал. Ақұштап ақын-
ның қаламынан бұрыннырақта дүниеге келіп,
оқырмандарының жүрек дүрсілін тап басқан
«Болашақ бойжеткендермен сырласу» деп
аталған өлеңдер топтамасындағы:*

“Бірақ, бірақ...

*Өзгертпес гүл өскенін,
Тоқтатпайды тіршілік күрестерін.
Адамзаттың ұрпағын тәрбиелеу –
Бар гасырдан алатын үлестерің.*

*Мейлің түрлі түспенен қасты боя,
Алуан тілде айтылар Жастық Ода.
Білетінім: Отанын, Халқын сую
Болу қажет қашан да басты мода!” –*

*деген өлең жолдары социалықты нағымды,
социалықты шындық!*

*Осынау топтамадағы бұдан өзге де жыр
шумақтарының әлі күнге кеше жазылып, бүгін
оқылғандай әсер-ықпалдан айнымай келе жа-
туы да, әзелгіде айтып өткеніміздей, оның
тұрақтылықты меншіктеп, шындықты ту-
еткен махаббаттан жаралуының нәтижесі
деп білген жөн. Ақын оқырмандарын мұндай
қасиет оның барлық өлеңдеріне тән екендігі
қуантады.*

ӨЛЕНДЕР МЕН БАЛЛАДАЛАР




ТАҢДАУ

Ақ сөйлеп, адал қүлетіндермен,
Шындықты жақтап жүретіндермен,
Сыйластық сырын білетіндермен
Танысқым келеді менің.

Жаманға жағынбайтындармен,
Жоқтыққа тарылмайтындармен,
Арманнан арылмайтындармен
Табысқым келеді менің.

Жанары мөлдірегендермен,
Жүргі елжірегендермен,
Үмітке сендейре білгендермен
Достасқым келеді менің.

Мұң-қайғы жеңбейтіндермен,
Өсекке сенбейтіндермен,
Наданға ермейтіндермен –
Бас қосқым келеді менің.



ОРАЛДЫМ, САҒАН ОРАЛЫМ

Өнерге қанат қақтырғаның үшін,
 Өмірден орын таптырғаның үшін,
 Өзіңе сүйеп арқамды әркез
 Откір шындықты айттырғаның үшін
 Оралдым саған.

Жүректе інерді айта қалайын деп,
 Көнілдер сырын байқап алайын деп,
 Жалған күлкіге шаршаған жанаарымды
 Мөлдір айдынға шайқап алайын деп
 Оралдым саған.

Еркіндік алып ел болған кезде,
 Елдермен қазак тең болған кезде,
 Жырақтау жүріп, жас дәурен кешіп,
 Жалған дүниені ойланған кезде
 Оралдым саған.

Хан Орда түгел тоналған кезде,
 Қарлығаш құстар жоғалған кезде,
 Ертеңгі күннен күттіріп үміт,
 Айдынға аққу оралған кезде
 Оралдым саған.

Достарым келсе қарсы алу үшін,
Қосылып бірге ән салу үшін,
Көгілдір туға, егемен елге,
Туған жерімде тамсану үшін
Оралдым саған.





КӨК ДӨНЕННИҢ КІСІНЕУІ

(Ақын Қадыр Мырза-Әлі рухына)

Ана қабіріндегі жазу

Баладан қайыр көрмеген,
Байдан да қайыр көрмеген,
Қайдан да қайыр көрмеген
Бұл жерде жатыр кейуана.

Tас қойған баласы Қадыр

Кез емес ақын ізден сабылатын,
Тек ақын туған жерін сағынатын.
Ақ Жайық той өткізді өзінше бір,
Толды деп 75-ке Қадыр ақын.

«Көп болды Жайыққа ақын бармағалы,
Аңсаған кәусәріна қанбағалы»
Баяғы нөкері бар серілерше,
Жанына іні-жолдас таңдал алды.

Уәдемен «Ақ Жайыққа жетем» деген,
Келді ақын сөзге жүйрік нөкерлермен,
Мереке, Есенғали, Темірханы,
Қайрат пен Оңтүстіктен Көпен келген.

Шырқалып «Атамекен» сахнадан,
Балаша қуанады ақын оған.
Топырлап ұлкен-кіші жолын тосып,
Шетінен қолтаңба алып жатыр одан.

Жыр кеші.
Шешенге ел басқартады.
Ақынға қошеметпен ас тартады.
Әзіл мен әнге толы берекелі,
Қазақтың қандай ғажап дастарханы.

Ақынға күлу бақыт еркін жүріп,
Тілейді ол бұзбағанын сертін жігіт.
Әзіл мір оғындей, отырды ақын
Қауымды шабытымен желпіндіріп.

Құлағын, пейілін де тоса қалған,
Қастерлеп, қоршап, қорғап дос адамдар.
Тарихтың қалады әркез назарында
Ақынға қиянат та жасағандар.

Сарғайтып, сағындырған қыры, белі,
Қиялмен жалаңаяқ жүгіреді.
Кіндіктен қаны тамған топыракта,
Күтуде құшақ жайып Сырым елі.

Тұрса да қоңыр самал есіп алдан,
 Біледі ол бұл далада несі қалған.
 Жанарын сәл буланған сүртіп тастап,
 Сонда ақын балалығын есіне алған.

Әкеден ерте қалып, сорлағасын,
 Қу тірлік о бастан-ақ қорлағасын.
 Балаға қызығатын қозы қуған,
 Куатын өз қозысы болмағасын.

Ауылдың панасыз үй шетінде ана,
 Енді арман содан алыс кету ғана.
 Мектебін бітірді де,
 тәуекел деп
 Аттанды Алматыға жетім бала.

Жоқ еді қалтада артық тыны да,
 Өмірдің төзбек әлі қынына.
 Артында ана қалды шыт көйлекті,
 Оның да жамау түскен иығына.

Арманы – дәріс алу даналардан,
 Қарыз ап бірге оқыған балалардан.
 Ауылдан Қадыр алыс аттанғанда,
 Артында жесір ана қала барған.

Келем деп туған жерге
күр сабылған,
Балалық түсіне енген,
шын сағынған.

Шыға алмай қалды содан жігіт Қадыр
Ақындық деген дерптің құрсауынан.

Жыр жазу, іштегі дерпт тарқағандай,
Көтерер ақын жүгін арқа қандай.
Ұзак жыл «Ой-орманға» қірген Қадыр,
Көп жүрді қайта шығар жол таба алмай.

Шықпады, сол орманнан шыға алмады,
Көрмеуге туған жерін шыдаған-ды.
Әлпештер өз анасын уақыт таппай,
Тербетті ол Қазақ деген Ұлы Ананы.

Ойлы тұн сұлу жырмен аяқталып,
Кетті ақын «Ой-орманға» таяқты алып.
Далада замандастар шырқап жатты,
Қадырдың ән-жырымен той атқарып.

Айналды жыр-бұлаққа кіндік қаны.
Көзінен бірақ ешкім мұнды ұқпады.
Басында жесір ана моласының,
Бір шумақ өлең болып шындық қалды.



Бүгін той 75-тің есебі ме?
 Созылып барады өзі неше күнге?
 Тұған жер сағынышын басатындай,
 Шомылып Қадыр жырдың нөсеріне.

Көрсін деп елдің сыйын ақын аға,
 Ақынды сүймесе олай шақыра ма?
 Оюмен жабулаған көк дөнендей
 Мұтәлі алышты сахнаға.

Бір нәрсе мынау жылқы түсінеді,
 Сезім бар онда жоқ кей кісідегі.
 Тізгінді Қадыр ақын ұстағанда,
 Көк дөнен ышқынып кеп кісінеді.

Халыққа кісінеді толып тұрған,
 Ақыннан кеткісі кеп болып құрбан.
 Көк дөнен кісінеді ақынды аяп,
 Шал кезде шаба алмайтын жолықтырған.

Көк дөнен залға келген айдаладан,
 Тұрғандай жауап күтін, айналадан.
 – Құйғытып, атқа шабар дәуренінде,
 Бұл казақ ат мінгізсе қайда болған?

Бұйыру бақытым ғой ақын үлға,
 Болар ең өзің ием, жақыным да.
 Ал сізде төрт ай ғана ғұмыр қалған.
 Мен сорлы кетем кімнің тақымында?

Көк дөнен сахнадан кісінеді.
 Сезді еken жануардың іші нені?
 Заманда адамды-адам ұқпай жүрген,
 Тәйір-ай, жылқыны кім түсінеді?..

Ақында аз болады сайрандар күн,
 Шын бақыт табады ақын, ойдан бәлкім.
 Асылды жоғалтқан соң,
 жоқтау айтып,
 Кешігіп жүресің-ау, қайран халқым!





БҮРКІТ ПЕН ҚАРҒА


(ертегі ізімен)

Азайып жарқыл көзінде,
 Қажытып тірлік өзін де,
 Шықты анға бүркіт көңілсіз,
 Шау тартып қалған кезінде.

Мәз емес тоя жегенге,
 Құмар ол осы өнерге,
 Кім білсін тозған тырнақтың
 Бүруге әлі келер ме?

Онай іс еді-ау ілкіде,
 Қалмас па енді құлкіге.
 Әйтеуір, ойы бүркіттің
 Бір рет тұсу тұлкіге.

Құбылып түрлі сан алуан
 Үстінде қардың ағарған.
 Ең соңғы қайрат-куатпен
 Тұлқіні бүру бар арман.



Айнала қарап, пандана,
Қанатын жиып, қомдана
Шалғанда көзі тұлқіні
Жолығып қапты қарғаға.

Қарқылдай қарап жан-жағын,
Бір шоқып көзі шалғанын.
Өкініш те жоқ, арман жоқ,
Құштары да жоқ қарғанын.

Білмейтін жемнен басқаны,
Екі жүз елу жастағы
Қарғаға бүркіт танданып,
Былай деп сөзін бастады:

— Төменді шолып көзбенен,
Самғап бір кеткен кезде мен,
Өмірдің отыз көктемі
Өтерін әсте сезбеп-ем.

Ал енді менің мөлшерлі,
Отызым жетті өлшеулі.
Біткені мендік ғұмырдың
Көтертпей қойды еңсемді.



Байқаймын тозды жанарым,
Көрмеймін аңын даланың.
Тұлкіге түсіп соңғы рет,
Өлуге кетіп барамын.

Аз ғана осы өмірден,
Биіктен әркез көрінгем.
Ал айтшы, саған неліктен
Үш жүз жыл ғұмыр берілген?

Тәтті ғой тірлік қашан да
Есі бар одан қашар ма?
Не сыр бар, айтшы, қайткенде
Болады ұзак жасауға?

Білмейді ол өмір өтерін,
Тірліктің мәні не екенін?
Ұққаны оның тек қана
Бүркіттен үлкен екени.

Білмейді ол шың мен құз барын,
Айырмас тәтті, тұз дәмін.
Тілеп те алған жоқ қарға
Өмірдің мәнсіз ұзағын.

Қарға айтты: – Түгел есебім,
Күрессіз өмір кешемін.
Әлексе – менің тамағым.
Жылы қан – сенің кеселің.

Не керек аңмен алысып,
Қайратты бойда тауысып,
Тұрғанда дауыл
бұтандың
Ығында қалам жабысып.

Жігерін жүргттың қоздырып,
Ісінді көпке сөз қылып,
Топшыңды бекер қандапсын,
Тырнақты босқа тоздырып.

Мен емес әуес ондайға.
Шықпаймын қарсы торғайға.
Әлексе ізде алыспай,
Тамағың тойса болмай ма?

Бүркіт сәл бұған қиналды,
Кетуге ұшып жиналды.
Тәтті ғой тірлік, сондыктан
Сөзіне қарға иланды.

Тым ерте солай өлмек пе?
Ойланды, соған көнбеккे

Аттанды бірге қарғамен
Өлексе шоқып көрмекке.

Тұлкі алу – мәңгі мұң болу,
Өлексе шоқып, күн көру.
Жо-жо-жоқ, деді өр көңіл –
Бұдан да артық шында өлу.

Артық бір адым баса алмай,
Бұтаға бұғып тасалай,
Күн көру деген азап қой,
Өзің бір ерлік жасамай.

Бәрібір өтер бұл жалған.
Өлімнен кім бар құр қалған.
Өлексе жеген үш жүзден
Отызым артық тұлкі алған.

Етсе де келер таңды арман,
Шошытты сасып қалған дәм.
Тәкәппар көңіл бүркітің
Бөлініп кетті қарғадан.

Ешқашан биік қонбаған,
Іңкәрлік сезім болмаған,
Қарт карға болса, таңданып,
Қарқылдап күліп қалды оған.

ТОСЫН СҰРАҚ

Қызыл нұр тайып көлдің бетіндегі
 Күн барып ұясына бекінген-ді.
 Кешкүрым жолаушылап барып түстік
 Ақ үйге бір ауылдың шетіндегі.

Шал отыр қоралап кеп кешкі малды.
 Коржынын әңгіменің шешті де әлгі,
 Толғанып бір шежіре бастай беріп:
 «Шырағым, әкең бар ма?» – деп сұрады?

Деді қарт: – Ойлы сөзге құмар жаным,
 Жастарға әңгіме айтпай тұра алмадым.
 Сен мені түсінесің әкең болса,
 Сөзімнің әке көрген ұғар мәнін.

Басымды изеп қалған секілдімін,
 Тек іштей тынышымды кетірді мұн.
 Бар әкем – дедім қартқа
 осы жерде
 Жанымды кинаса да жетімдігім.


Келеді кем болғысы қатардан кім?
 Рас қой әке еркесі атанғаным,
 Қимадым осы жолы мен өзінді
 Жоқ деуге, өлді деуге бата алмадым.

Амал не, өліміңе өкінген ем,
 Атақты алғым келмей жетім деген.
 Мен содан есімінді өшірмейтін
 Бір шаруа тындыруға бекінген ем.

Өмір ғой, жапа шеккен, жала көрген,
 Шырмалып өсек деген бәлелермен,
 «Көргенсіз, әкесі жоқ» дегізбеуге
 Сонда мен өзіме өзім уәде бергем.

Келеді құлағымнан қалмай әлі
 «Шырағым, әкен бар ма?» сол баяғы үн.
 Сондықтан жаңадан бір өлең жазсам,
 Сонына атынменен қол қоямын.

Сұрады-ау, адамдай бір ақы кеткен,
 «Әкем бар» – дегем сонда батыл, өктем.
 Осы бір намыс қыскан тосын сұрап
 Сияқты бүгін мені, ақын еткен.



МҰҚАҒАЛИМЕН ТАНЫСУ

Өзің жайлы аңыз естіп жүр едім,
 Өлең жазған жас таланттың бірі едім.
 Алғаш көргем,
 Жазушылар Одағында сол жылы
 Өтіш жатқан кезектен тыс пленум.

Дайындалған баяндама оқылуда жырланып,
 Залда гу-гу,
 Бір қалыңқа тұспейді екен бұл халық.
 Көзіңе ілмей сойлең тұрған шешенді,
 Шалқасынан есікті ашып
 Кіріп келдің ырғалып.

Мен өз басым
 Бойындағы батылдыққа тамсаным.
 (Сол ақындық еркіндікті талай жерде
 ансадым)

– Ей, ағайын,
 Бұл мылжынан пайдалырақ бір өлең
 Оқып берсем қайтеді, – деп жар салдын.

Жиналыстың тәрағасы:
 – Мұқағали, қой, – деді.
 Сәл бұлдырап кеткендей ме көзіндегі әйнегі.
 Кімге сөзің өтіп еді ол кезде